

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры

Ж. Темірбекова

« 01 » 2023 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-004-2023


ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығымен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлеген - Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен
байланыс орталығының басшысы С. Мухиддинова
3. Келісілді - Академиялық мәселелер вице-ректоры
Э. Идрисова
- Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс
бақылау және сапа орталығының басшысы
Ж. Дарибаев
- Заң бөлімінің басшысы Ғ. Мұсаханов
- Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы
Қ. Тубеков
4. Енгізілді - 2023 ж.
5. Тексерілу
мерзімі - 2025 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-004-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		7 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

Мазмұны	2
1. Қолдану саласы	3
2. Жалпы мәлімет	3
3. Кеңестің заңды мәртебесі	3
4. Кеңес құрылымы	3
5. Кеңес қызметінің мақсаты мен бағыттары	3
6. Жұмыс берушілер Кеңесінің университеттен сайланған мүшелері	4
7. Қорытынды	5
8. Танысу парағы	6
9. Өзгерістерді тіркеу парағы	7

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-004-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		7 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жұмыс берушілер Кеңесінің (әрі қарай «Кеңес») құрамын жасақтау және оның өкілеттілігін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін белгілейді.

1.2 Бұл ережені университет Жұмыс берушілер Кеңесі мен мүшелері пайдалануы тиіс.

2. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

2.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Кеңесі қоғамдық негізде жұмыс жасайды.

2.2 Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ереже негізінде атқарады.

3. КЕҢЕСТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

3.1 Кеңес мүшелері өз қызметін негізгі қызметіне қоса қоғамдық бастама ретінде атқарады.

4. КЕҢЕС ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 Кеңестің жоғарғы басқару органы Кеңес мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Жалпы жиналыс ең кемінде бір жылда бір рет шақырылады.

4.2 Кеңес төрағасы бес жылға Кеңес шешімімен тағайындалады және орнынан босатылады.

4.3 Кеңес шешімдері жалпы жиналыста қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Берілген дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасының дауысы басым болып табылады. Егер Кеңес мүшесі немесе бірнеше мүшелер қабылданған шешімге қарсы болған жағдайда өз пікірлерін айтуға құқылы. Кеңес шешімдері хаттама негізінде рәсімделеді.

5. КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

5.1 Кеңес жұмысының негізгі мақсаты Ахмет Ясауи университетінің бәсекеге қабілетті жоғары деңгейлі кадрларды дайындайтын орталық ретінде дамуына және заман талабына сай мамандарды жұмысқа тарту жүйесін қалыптастыруға көмек көрсету болып табылады.

5.2 Кеңес жұмысының негізгі бағыттары:

- Кәсіптік практика өткізу базаларын кеңейтуге қолдау көрсету;
- Жұмыс берушілердің талабына сай білікті маман дайындау мақсатында талдау жұмыстарын жүргізу;
- Жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша кадрлар даярлау.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-004-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		7 беттің 4-ші беті

6. ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР КЕҢЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

6.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Кеңесінің міндеттері:

- Университеттің білім беретін барлық субъектілер мүддесі үшін жұмыс атқарады;
- Жұмыс берушілер Кеңесінің мүшелері Кеңес жұмысына қоғамдық бастамамен осы Ереже негізінде қатысады;
- Оқу үдерісіне қатысады, практикадан өту және жұмысқа тұрғызу мәселелері бойынша ұсыныстар береді;
- Білім алушылар контингентінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында түрлі презентациялар, тренингтік бағдарламалар және басқа да іс-шаралар ұйымдастырады;
- Жұмыс берушілер тарапынан білім алушылардың оқуларына белгілі мөлшерде гранттар бөлінген жағдайда білім алушылардың арасында конкурс жарияланып, түйіндемелеріне қарай әңгімелесу арқылы оқу үлгерімдерін (GPA балл) ескере отырып, алдағы уақыттарда білімін жалғастыруға, кәсіптік практикаға жіберуге, жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс жасайды;
- Ғылыми-зерттеу бағдарламалары, халықаралық жобалар, гранттар және басқа да іс-шараларды бірігіп өткізуге қатысады, атсалысады;
- Диплом жұмысы және/немесе жобаларына рецензент және қорытынды аттестациялық комиссия мүшелері ретінде қатысады;
- Жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізуге қатысады, оны сараптау және оның негізінде нақты жүргізілетін іс-шараларды ұсынады;
- Еңбек нарығының қажеттілігі мен сұранысын ескере отырып, негізгі оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына талдау жасауға, жақсартуға, жетілдіру туралы ұсыныстар беруге қатысады;
- Жыл сайынғы бітірушілер үшін ұйымдастырылатын «Бос орындар» жәрмеңкесін ұйымдастыруға қатысады;
- Университет білім алушыларының өндірістік және дипломалды практикаларына сапалы жетекшілікті жүзеге асырады;
- Технологиялық, өндірістік, экономикалық мүмкіндіктер болған жағдайда университеттің білім алушылары мен қызметкерлеріне ғылыми зерттеулердің, дипломдық жұмыс/жобалардың нәтижелерін өндіріске ендіруге ықпал етуді жүзеге асырады;
- Қажеттілік кезінде университет жұмыс берушінің талаптарына сәйкес даярлау бағыттары мен білім беру бағдарламаларында оқып жатқан бітіруші курс білім алушылары қатарынан кадрлар іріктеуді жүргізеді.
- Іріктелген білім алушыларға Кәсіпорындардың құрылымдық бөлімдерінде кәсіптік практикадан өтуіне мүмкіндік жасайды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-004-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		7 беттің 5-ші беті

7. ҚОРЫТЫНДЫ

7.1 Ережеге толықтырулар мен өзгерістер Жұмыс берушілер Кеңесінің шешімі арқылы қабылданып, университет ректорымен бекітіледі және өзгерістерді тіркеу парағы арқылы рәсімделеді (қосымша 1).

7.2 Жұмыс берушілер Кеңесінің жұмысын тоқтату университет ректорының және жалпы Кеңес жиналысының құзырында.


Ереже Сенат мәжілісінде талқыланып, қабылданады.

КЕЛІСІЛДІ:


Академиялық мәселелер вице-ректоры

 Э. Идрисова


Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы

 Ж. Дарибаев

Заң бөлімінің басшысы

 Ғ. Мұсаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы

 Қ. Тубеков

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-004-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		7 беттің 6-ші беті

ҚОСЫМША 1

Ф-СМБ-002

Өзгерістерді тіркеу парағы

№ Р/с	Өзгеріс енгізу туралы шешім		Парақ нөмірі				Қағаз саны	Өзгерістерді енгізу мерзімі	Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға	
	Құжат	№ бұйрық	Өзгертілген	Ауыстырылған	Жаңа	Есептен шығарылған			Аты-жөні	Қолы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-004-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		7 беттің 7-ші беті

ҚОСЫМША 2

Ф-СМБ-004

Танысу парағы

№	Аты-жөні	Қызметі	Мерзімі	Қолы